



# Ақмешіт

1 наурыз  
сейсенбі  
№17 (1822)  
2022 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

«АЛҒЫС АЙТУ» КҮНІНЕ ОРАЙ

## ЕҢ КЕРЕГІ – ЖЫЛЫ СӨЗ

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

**Қытымыр қыс қол бұлғап,  
көктемге орын берді. Көктем келді!  
Биылғы қыс тәнді тоңдырмаса да  
жанды ауыртқан ауыр күндерімен  
есте қалды. Қыстың қалың көрпесін  
серпіп тастап, көктемге асыққан  
ел жарқын болашақтан, үлкен  
үміттерден, жақсылықтан үмітті.  
Еңсені басқан ауыр ойларды,  
көңілсіздік пен күмәнді ысырып  
тастап, жақсылыққа еріксіз  
жетелейтін қасиеті бар бұл көктемнің.  
Бұған дейін елдің бәрі әдемі көңіл-  
күймен «Көктемнің алғашқы  
күнімен!» деп бір-біріне тілек айтса,  
бүгінде бұл күн – барша қазақ елі  
үшін мереке, «Алғыс айту» күні.**

## «ЖОЛЫҢДА ҚАЗАҚ КЕЗДЕССЕ, БАУЫРЫМ ДЕП ЕСЕПТЕ»

Ақмарал ОЛЖАБАЕВА

Қазақстан – достық мекені. Еліміздегі барша халықтың жүзі басқа болғаны мен жүрегі бір, тілі басқа болғанымен тілегі бір. Олардың мақсат-мүддесі ортақ, достығы берік.

2016 жылдан бастап, бұл күн тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көпестігі халқының ортақ тарихын құрметтеу күні болды. Бір сөзбен айтқанда, 1 наурыз «Алғыс айту күні» – жер аударылған өзге ұлтқа қазақ халқының мейірімділігі мен, қолда бармен бөлісу, көмек көрсеткені үшін ризашылық білдіру. Бұл өз кезегінде бір ел, бір шаңырақ астында өмір сүріп жатқан ұлт пен ұлысты ұйыстырып, татулықты одан әрі бекіте түсті.

Геноцид саясаттың салқыны таным-түсінігі, мәдениеті, тарихы бөлек түрлі ұлт өкілдерін туған жерден, елден, Отанынан алыстатты. Бірақ Қазақстан халқы төрінен орын беріп, екінші Отанына айналды. Бүгінде құшағы кең қазақ елін 130-дан астам этнос өкілдері мекен етеді. Ал Сыр өңірінде 35 өзге ұлт өкілі бар. Олар тағдырдың тар жол, тайғақ кешуінде қазақ жерін паналап, өсіп-өнді. Қазіргі кезде бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруде. Солардың бірі қырғыз этномәдени бірлестігінің төрағасы Сақтапберген Жұбатқановтың қазақ еліне деген алғысы шексіз.



– Расында, алғыс – жүректен шығатын тұнық сөз. Естіген жанды рухани ләззатқа бөлейді. Бір жағынан тілек, бір жағынан адамның ниеті, ризашылығы. Оның мәні мен маңызы сонда жатыр. Ортақ

Отанымызға айналған қазақ жеріне, қазақ еліне, бауырмал қазақ халқына ризашылығымыз шексіз! Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы достықтың да, бірліктің де, тұтастықтың да ұйытқысы болып

отыр. Келер ұрпағымызға осы ізгілікті ұмытпай жеткізсек, біздің аманатшыл ынтымақтастықтың теміржолына айналары хақ, – деді ол.

2 БЕТТЕ

**Қала әкімдігінің ұйымдастыруымен «Arag city mall» сауда ойын-сауық орталығында жәрмеңке өтті. Айта кетейік, бұл жәрмеңкенің мәні де, мазмұны да бөлек. Қаладағы мүмкіндігі шектеулі жандардың қолынан шыққан қолөнер бұйымдары жәрмеңкесі.**  
**Жәрмеңкені аралап жүріп, әрбір өнімді тамашалап ерекше әсерге бөлендік. Арбаға таңылған ақ жаулықты аналар, қиындыққа мойымаған жас өз мүмкіндігінің шексіз екендігін көрсеткісі келгендей. Түрлі картиналар, қолөнер бұйымдары кестеленген орнама, тоқыма күртеше, қызылды-жасылды балалар киімі көңілге қуаныш сыйлайды.**

## ЖҮРЕКТЕН ТӨГІЛГЕН МЕЙІРІМ



Жәрмеңкеге арнайы келген қала әкімі тәзімді жандардың жағдайын сұрап, ұсыныс-пікірін тыңлады. Олардың кәсібін қолдау болатынын айтқан қала әкімі жәрмеңкеден құр қайтпай, картина сатып алды. Жәрмеңкеде сауда жасағандардың қатарында қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев та бар. Туындысының ел ағаларының назарын аударып, сұранысқа ие болғанына қуанған қылқалам иесінің қуаныштан жүзі бал-бұл жанды.

– Сіздерді әрқашан қолдаймыз. Қандай да бір ұсыныстарыңыз болса, қажетті шаралар жасауға әзірміз. Бұл жәрмеңке тұрақты түрде ұйымдастырылады. Сіздер тұрғындарды жұмыспен қамтып, кәсіпкерліктің дамуына үлес қосып келесіздер, – деді қала әкімі.

Жәрмеңкеге келушілер қатары қалың болды. Бірі балаларға арналған тоқылған шұлық, күртеше сатып алса, енді бірі тұрмыстық қолданысқа қажетті сәндік бұйымдарды сұрап жатты.

– Біз үшін бүгінгі күн ерекше қуанышқа толы. Себебі өз қолымызбен жасаған бұйымдарымызды көпшілік назарына ұсынып отырмыз. Сатып алушылар аз емес. Барлығы бізге ықыластарын білдіріп жатыр. Төрт қабырғаға қамалған мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғаммен араласуына мүмкіндік жасалды. Жәрмеңкеге 10 шақты мүмкіндігі шектеулі жан өз бұйымдарын

әкелді. Алдағы уақытта қала әкімдігімен бірлесіп осындай шара ұйымдастырамыз, – дейді үйлестіруші Әсия Сарықұлова.

– Мұндай жәрмеңкенің маңызы зор деп есептеймін. Өйткені мүмкіндігі шектеулі азаматтардың жасаған бұйымдары көпшілікке кеңінен таныстырылады. Бұл – ең біріншіден олардың кәсібін дамытуға қолдау. Қала әкімінің қолдауымен алдағы уақытта да дәстүрлі түрде өткізіле бермек. Мемлекет тарапынан ерекше қолдау бола беретінін баса өткізіп келеді, – дейді журналистерге сұхбат берген қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридин.

Одан соң шаһар басшысы «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің филиалына барып, бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысты.

Кездесу барысында бірлестік төрағасының міндетін атқарушы Данияр Нұрымбетов зағип жандардың ұсыныс-тілектерін жеткізді. Өз кезегінде қала әкімі мүмкіндігі шектеулі жандарға қашан да жан-жақты қолдау көрсетілетінін атап өтті.

Р.С. Бұл жәрмеңке бірі қымбат сатқысы келген немесе бірі арзан алғысы келген сауда базары емес. Жылы сөз бен мейірімге, қолдауға мұқтаж мүмкіндігі шектеулі жандарды серпілтен мейірім жәрмеңкесі болды.

Мүслим ШАЙДУЛЛА

## ҰЙҚЫДАҒЫ КӨШЕТ немесе көктеммен КЕЛГЕН ЖЫЛЫ ДЕП



Көктемнің алғашқы күнімен! Көктемді ойласақ, ең әуелі ағаш егу ойымызға келеді. Адамзаттың табиғатпен егіз екенінің әсері болар. Көктемгі әзірлікке алғашқы күннен кірісе басталық. Сұрау салып, көшеттердің әзірге «Мұздатқышта» екенін білдік. Қалай дерсіз? Қате естіген жоқсыз, қазір көшеттер көктемнен бейхабар күйде.

Көшеттердің «мұздатқышта» екенін естіген біз, бұл жайында нақтырақ білу үшін ат басын қала іргесіндегі саяжайға бұрдық. Сөйтіп, көшеттер мен ондағы маусым бойы тер төгетіндердің хал-ахуалы, сондай-ақ бұл саладағы сіз бен біз білмейтін жаңалық турасында біраз мәлімет жиып қайттық. Мақаланы газеттің алдағы нөмірінен оқи аласыздар.

Ақтілек БГІМБАЙ  
Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ

### ХАЛЫҚ ҮНІ

## ЕЛДЕН СҰРАҚ, ӘКІМНЕН ЖАУАП

«Халық үні»  
айдары арқылы  
бұл жолы Тасбөгет  
кентінің тұрғындарын  
толғандырған  
мәселелерін кент әкімі  
Семсер Сыздықовқа  
жеткізіп, жауабын  
халыққа жариялауға  
мүмкіндік туды.



2 БЕТТЕ

Мереке тарихынан бір-екі ауыз сөз айтсақ, 2015 жылы күнтізбеге «Алғыс айту» күні мерекесі ретінде енді. Бұл күннің негізгі идеясы – XX ғасырдың зұлматты жылдарында туған жерінен жырақтап, қазақ даласын паналап келген өзге этностардың қиын күнде құшағын жайған, бір үзім нанды бөліскен қазақ халқының мейірімі мен қамқорлығына ризашылық білдіру еді. Деректерге сүйенсек, сталиндік режиммен әр жылдарда 800 мыңға жуық неміс, 102 мың поляк, 550 мың солтүстік Кавказ халықтарының өкілі, 18,5 мың Қиыр Шығыстағы корей отбасына қазақ даласы пана болды, қазақтың мейіріміне бөленді. Тарих таңбасы ел жалдынан ұмыт қалған жоқ. Қиын-қыстау кезеңде бір ауыз жылы сөзге мұқтаж, қорғаныссыз өзге ұлт өкілдерін өзегінен теппей, мандайынан сипаған қазақтың шексіз мейірімін олар ұмытқан жоқ. Әрине, бұл күннің мазмұнын бәзіреулер басқаша бұрғысы келетіндей бұл күн алғыс сұрау емес, атаулы күн арқылы тарихтың ақтаңдақ беттерін ашу, өскелең ұрпаққа қиын уақытты көрсету арқылы тарихтан сабақ алуға шақыру. Айта кетелік, ғалымдар бұл айтулы күнді тарих ақтаңдақтары ашу үшін қажет деп санайды.

Жалпы «Алғыс айту» мерекесі бізден басқа қандай елдерде бар дегенге келсек, мұндай ізгі мереке өзгелерде де сыр-сипаты, мазмұнына қарай ерекше аталып өтеді екен. Мәселен, Америкада «Ризашылық күні» атап оту Рождестводан кем түспей тойланады. Дерек бойынша, Америка құрлығын отарлаушылар қыс құрсауында қалып, жергілікті үндістер оларға құрқатауық әкеп беріп, көмектесіп, ашытқан аман алып қалған деседі. Қазір бұл мереке жоғары деңгейде атап өтіліп, дастарханға құрқатауық етінің міндетті түрде қойылуының мәні осында екен. Мұндай ізгі мереке Вьетнам мен Қытайда, Беларусьте, Жапонияда, Израильде де бар. Бірі қиын күндерде өздеріне пана болған елге, енді бірі Жаратқанға, табиғатқа алғыс айтып, айналдырып ізгілік пен жылулық таратуға арнайды. Демек, қазақ елі үшін де бұл күннің орны бөлек. Бір айта кетерлігі, жанына жылулық сыйлайтын көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келген бұл мерекені өзге ұлт өкілдері ғана емес, жалпы жұрт жылы қабылдады. Жүректен-жүрекке жеткені сондай, барша жұрт бұл күнді соншалықты жып-жылы, ізгі мерекеге айналдырып жіберді. Бізге өзгелер алғыс айтысын деп күтіп отырмай-ақ, өзі бастап жақын-жуығына, дос-құрбысына, ағайын-туысына сол күні алғыс айту дәстүріне айналды. Бір жағынан бұл бір мәселенің ұштығын шығарды. Қалай дерсіз? Шын мәнінде біз күнделікті тіршіліктен бір-бірімізге алғыс айта алмайды екенбіз. Ағайын-туысымызға, ет жақынымызға жақсы көретінімізді айтып, жылы сөз арнауға мән бермейді екенбіз. Содан да болар, алғашқы жылдары жақынына арнайы хабарласып, жылы лебіз білдіргенін тосырмай қабылдағандар аз болған жоқ. Бір оқиға былай болыпты. Алғыс айту күні ағаларымызға жылы лебізін білдіргісі келген бауыры ертемен хабарласып, өздерін жақсы көретінін, бар болғанына риза екенін айтып алғыс жаудырған ғой. Сөйтсе, мұны естіген үйдің үлкендері «мынаған бірдене болған ғой, бір бөлеге ұшырамаса екен» деп дүрлігіпті. Қайбір жылдары әлеуметтік желіде бір видео тарайды. Сабақ үстінде мұғалім балаларға телефон беріп, анасына алғыс айтып, жақсы көретінін жеткізуге мүмкіндік жасаған. Сонда балалар анасына деген сезімін жеткізе алмай жылап қоя береді. Ал кейбір аналардың баладан мұндай сөзді күтпей: «ауырып тұрсың ба?», «не сұрайын деп едің?» – деп қарсы сауал қоюды да мына қоғамның мейірімге мұқтаж екенін байқатты. Шынында да, біз неге мұқтажбыз? Құндылықтар өзгерген заманда адамдардың да түсінігі өзгерді. Баланың материалдық жағдайын жасағанды деген келте түсінік пайда болды. Бар дүние кішкентай ғана мейірімнің орнын баса алмайтынын кейде түсіне бермейтінімізге осы мысал да жетіп жатыр. Ендеше, көктемнің алғашқы күні «Алғыс айту» күні ғой деген сылтаумен айналдырып бұған дейін айта алмай жүрген жылы лебізін, жан жылуын төгіп жатса, неге қарсы болуымыз керек? «Алғыс айтамын біз емес» деп неге бетін қайтарамыз. Онысыз да рухани құндылықтардан материалдық мәселе бірінші кезекке шыққан, күйкі тірліктің қамытынан шыға алмаған адамдың ең болмаса бір күн бақытқа бөленуіне неге қарсы болармыз? Жиһанкез, «Тұлғалық даму» мектебінің иесі Динара Болат өзінің кітабында қоғам мұқтаж жылы қатынас туралы: «Ішіндегі сезімдерін білдіре алмай, тірлік үшін сондай қажет жылы сөзді жақын адамдарынан ести алмай қиналып жүргендер қаншама. Сезім шығарылу керек. Жақсы сөз айтылу керек. Жақсы көретінімізді айту, білдіру арқылы біз өзгелерге өмір сыйлаймыз. Олардың өзгелерге қымбат екендігі, осы өмірде оның орны бар, маңызды екендігін білу оларға қанат бітіреді. Өзгелерге сыйлаған сезімсіздік арқылы өзіміз де сондай әдемі күйге бөленеміз. Өзімізге қымбат жандарды сезімдерімізді білдіру арқылы сақтайық.

Адамзатқа жетпейтіні еш мақсатсыз, еш арам пайғалсыз таза, мөлдір қатынас. Бізге ең керекті – жылы жүз, жылы қабақ, жылы сөз. Айналамызға жылулық таратудан аянып қалмайық» деп жазады.

Шынында, көпшіліктің бұл күнді жақын-жуыққа алғыс айтамын күн деп, жалпыхалықтық мерекеге айналдыруында үлкен мән бар. Мереке сылтауымен талай адамды бақытқа бөлейтін, кірлеген жүректерді тазартатын, жылы сөзбен айналаны бақытқа бөлейтін болса, алғыс айтудан шаршамайық. Айналамыздан жылы сөзімізді аямайық.

Жер бетіне ізгілік пен мейірім шуағын төккен барша адамзат баласына алғысым шексіз!



# «ЖОЛЫҢДА ҚАЗАҚ КЕЗДЕССЕ, БАУЫРЫМ ДЕП ЕСЕПТЕ»

Ал Қазақстан халқы Ассамблеясы Қызылорда облыстық шешен этномәдени бірлестігі төрағасының орынбасары Лайла Пашаева өткен күндерді былай еске алады:

– Биыл шешендердің өз Отанынан жер аударылғанына 78 жыл толады. Ал 23 ақпан – сол дәуірдің жастары үшін Кеңес Әскерінің мерекесі болса, шешен ұлты үшін қаралы күн. Ұлттымыздың жүрегіне өшпес жара салған, кіндік қаны тамған жерінен жас пен жасамысты, ана мен баланы еш аяусыз жер аудартқан ызғарлы күн ешқашан естен кетпейді. Олардың қатарында менің әжем, ата-анам бар еді. Әкем Әлі Шешен-Ингуш ауданына қарасты Тойзен ауылында дүниеге келіпті. Соғыс басталған тұста атам майданға аттанып, содан хабарсыз кеткен. Ал әжеміз 8 баласымен өзге жерлерімізге бірге белгісіз бағытқа айдауға түскен. Қыстың қақпаған суығында вагонға тиелген шешен жұрты бір ай бойы межелі жерге жеткенше ас-суыс отырған екен. Жол бойы қаншама қарт кісі, сәбилер көз жұмған. Тіпті әйелдер құндақтаулы сәбилерін ажал құшқанын білдірмей емізіп отырған сынай танытқан. Баласының ит-құсқа жем болмауын ойлайды. Менің әжем балаларыммен Жалағаш

ауданына жер аударылыпты. Суықтан әкемнің бес бауыры қаза табады. Көп ұзамай анасы да көз жұмады. Ал өзін ізіндегі 2 бауырымен балалар үйіне өткізіпті. Не қазақ, не орыс тілін білмейтін шешен жұрты үшін танымайтын жерде қиын болғаны анық. Дегенмен уақыт өте жергілікті жұртпен сіңісіп, тіршілік еткен. Оған, әрине, қазақ халқының мейірбандығы әсер еткенін айта кету керек. Әкемнің айтуынша, алғашында жергілікті тұрғындарға өзге ұлттармен байланыс жасауға тыйым салған. Әрі шешендерді қанибал (адамжегіш) ұлт ретінде көрсеткен. Соған қарамастан қарапайым тұрғындар есік алдына талғау етер тамақ қалдырып кетеді екен. Ол тұстағы геноцид саясат қазақ жұртына да оңай соқпағаны белгілі. Осындай қасіретті жағдай жер аударылған барлық ұлттарды қазақ халқымен біріктірді. 1994 жылы шешен халқы үшін тағы да ауыр кезең басталды. Елде соғыс басталып, жұртшылық бас сауғалап, жан-жаққа қашты. Сондай сәтте Қазақстан елі құшағын ашып шешендерді тағы бір мәрте бауырына басты. Шешен халқында «Егер жолыңда қазақты кездестірсең, бауырым деп есепте» деген тәмсіл қалыптасқан. Сондықтан біз бауырлас халықтар татулық пен ауызбірлікте болуымыз керек. Қазақ халқының

қиын кезеңде шешен жұртына көрсеткен қолдауының арқасында ата-бабамыз аман қалып, екінші Отанында өсіп-өнді. Мұны біз ешқашан ұмытпаймыз. Рахмет, саған Қазақ елі, Сыр жұртшылығы, – деді Лайла Пашаева.

Аумалы-төкпелі кезеңде қазақ даласына қоныс аударған ұлттардың көбі Кеңес дәуірі ыдырағаннан кейін атамекеніне көшті. Дегенмен туған жерін, Отанын аңсап еліне кеткендердің кейбірі қазақ еліне қайта оралды. Мұның бәрі түбінде халқымыздың оларға деген ыстық ықыласы мен мейірбандығының көрінісі іспетті. Қиын-қыстау заманда жанына сая болған қазақ жұртына деген ырысыз көңілі болар, бәлкім – Қарап отырсақ, соңғы кезде арамызда қазақша сөйлейтін өзге ұлт өкілдері көп. Бұл – біздің қазақ жеріне, мемлекеттік тілге деген құрметтің бір белгісі іспеттес.

Бүгінде этнос өкілдерінің бір ғана тілегі бар. Олар Қазақстанда тұратын барша ұлт арасындағы айнымас достыққа сыйзат түспесе екен дейді. Өйткені олар үшін ынтымақ, бірлік, келісім – ең басты байлық. Сондай-ақ олар қазақтай көңілі кең дария, қонақжай мемлекетте өмір сүріп жатқанына дән риза. Әрбір қазақстандыққа алғыстан басқа айтары жоқ. Расында, «Алғыс арқалаған ел алысқа барады» демекші, еліміздің болашағы жарқын боларына біздің де сеніміміз мол.

Басы 1-бетте

# АСТАНА БОЛҒАН ҚАЛАЛАР

Кез келген мемлекеттің астанасы саяси-әкімшілік орталық қызметін атқарады. Қазақ жерінде де астана мәртебесіне ие болған қалалар аз емес. Тарихымыздың түркілік кезеңіне жататын Батыс Түрік, Түргеш және Қарлұқ қандықтарының астанасы Суяб қаласының іргесі қазіргі Қырғызстан Республикасының аумағында V-VI ғасырларда қаланған. Шу алқабындағы Баласағұн қаласы Батыс Түрік қағандығының, Қарахан және Қарақанд мемлекеттерінің бас қаласы ретінде жазба деректерде X ғасырдан бастап белгілі. Тараз қаласы X ғасырдан бастап Қарахан мемлекетінің астанасы және Ұлы Жібек жолындағы жетекші сауда орны болды. Тарихы VII ғасырдан басталатын Түркістан облысындағы Сайрам, X ғасырдан бастап белгілі Отырар қалалары да өте көне астаналардың қатарына жатады. IX – XI ғасырларда қазіргі Қызылорда облысы, Қазалы ауданының аумағында орналасқан Жанкент қаласы оғыздар мемлекетінің өркендеген астанасы болды. Сонымен бірге Орталық Қазақстандағы Орда-Базар, Сыр бойындағы Жезд, Сауран мен Сығанак қалалары да сан рет бас қаланың рөлін атқарған. Мысалы, Орда-Базар қаласы Жошы ұлысының астанасы болған. Қазір XIII ғасырда қала орналасқан жерде Жошының мавзолейі бар.

1511-1523 жылдары Сарайшық Сығанактан кейінгі Қазақ хандығының астанасы болды. Қасым хан өз уақытында ел астанасын Сығанактан Сарайшыққа көшіреді. Қала Атырау қаласының солтүстігінен 55 шақырым жерде Жайық өзенінің оң жағалауында орналасқан. Іргесі XI ғасырда қаланған көне қаланың жалпы аумағы 100 гектар. Көне қала аумағында қазақ халқына толықтай мойындалған 12 әулиенің, жеті ханның сүйегі мен бір ханның басы жерленген.

Қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласының тарихи орны ерекше. Түркістан Тәуке, Қайып, Әбілқайыр, Сәмеке, Әбілмәмбет, Сейіт, Есім, Болат, Абылай, Тоғай хандардың тұсында қазақтардың айбынды астанасы болды. Жоғарыда аталған қалалардың кейбірі бүгінде тарих қойнауына сіңіп, археологиялық зерттеу объектісіне айналса, енді бірі ғасырларды артқа тастап бізге дейін жетіп отыр.

Ресей империясының отарлау саясаты қазақтардың жерін айыра бастады. Ол туралы XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында өмір сүрген айтыскер ақын Мұрат Мөңкеұлының:

«...Әуелі жеңіп орыс Еділді алды, Сарытау, Аштарханның жерін алды, – деуі тегін емес. Сарытау, Аштархан деп отырғаны қазіргі Ресейдің Саратов және Астрахан облыстарының жерлері. Одан әрі қазақтар басқа жерлері «генерал-губернаторлық-облыс-округ-болысауы» болып, бес сатылы әкімшілік басқару жүйесіне көшеді. Сырдария және Жетісу облыстарының орталығы Ташкенттен, Орал мен Торғай облыстары Орынбордан, Ақмола мен Семей облыстары Омбыдан басқарылды.

1917 жылы Қазақстанда Алаш-орда үкіметі құрылып, саяси-әкімшілік орталық ретінде Семей қаласы қарастырылады. 1480-1511 жылдары қазақ хандығының бас ордасы Сығанак қаласында болды. Қаланың орны қазіргі Қызылорда облысының Жаңақорған ауданындағы «Сунақ ата» елді мекенінде орналасқан.

XX ғасырда Қазақстан астанасын төрт рет ауыстырды. Алдыңғы үш астананы ауыстыру Мәскеудің

пәрменімен іске асты. 1920 жылы 26 тамызда Бүкілресейлік ОАК мен РКФСР ХКК «Қырғыз автономиялық социалистік кеңес республикасын құру туралы» декрет қабылдады. РКФСР ОАК-тің 1920 жылы 22 қыркүйектегі жана декретімен Орынбор губернаторлығы мен Орынбор қаласы Қазақ АКСР құрамына қосылды. Орынбор Қазақстанның бас қаласы болып жарияланады. 1925 жылы Орталық Азиядағы ұлттық-аумақтық межелеуден соң Сырдария және Жетісу облыстары, Қарақалпақ автономиялық облысы Қазақ автономиялық республикасы құрамына енеді. Осы тұста ел астанасын шалғайда орналасқан Орынбор қаласынан ауыстыру мәселесі көтеріледі. 1924 жылы қыркүйекте Қазақ АКСР-і ОАК-нің сессиясы ел астанасын Ташкентке ауыстыру, оған рұқсат етілмеген жағдайда Шымкентке көшіру жайында қаулы шығарды. Алайда И.В.Сталиннің нұсқауымен республика астанасы Ақмешітке ауыстырылады. 1925 жылы 9 ақпанда Қазақ АКСР-і ОАК мемлекет астанасын Орынбордан Ақмешітке көшіру туралы шешім шығарды. Сол жылы 15-19 сәуір аралығында Ақмешітке өткен Кеңестердің Бүкілқазақстандық V съезі халқымыздың орысша «киргиз» деп аталуын «қазақ», «Киргиз АКСР-і» атауын «Қазақ АКСР-і» деп өзгерту және республика астанасы Ақмешіт қаласын атып Қызылорда деп атау туралы қаулы қабылдады.

Сыр бойының экономикалық және табиғи жағдайы қолайсыз дегенді желеу еткен Ф.И.Голощекин басқарған Қазақ өлкелік комитеті ел астанасын Қызылордадан Алматыға ауыстыруды жөн деп тапты. 1927 жылы 3 наурызда «Қазақстан астанасын Алматыға көшіру туралы» республиканың ОАК мен ХКК-ның қаулысы жарияланады. Бұл қаулы 1927 жылы 3 сәуірде Қазақстан Кеңестерінің VI съезінде бекітіледі. 1927 жылы 30 мамырда Мәскеу бұл шешімді мақұлдады. Ел астанасының Сыр өңірінен Жетісуға ауысуына Түркістан-Сібір теміржолының іске қосылуы да әсер етті.

Ауа райы қолайлы, табиғи көркем жерде орналасқан Алматы аз уақыт ішінде елдің саяси, экономикалық, мәдени орталығына айналды. 1936 жылы Қазақ АССР-ы РКФСР құрамынан бөлініп, Қазақ ССР-ы болып қайта құрылды. Алматы қаласы 1929-1936 жылдары Қазақ АССР-ның, 1936-1991 жылдары Қазақ ССР-ының, 1991-1997 жылдары Қазақстан Республикасының астанасы болды.

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін астананы елдің оңтүстік-шығысынан республиканың орталығы бөлігіне көшіру мәселесі көтерілді. Мемлекеттің жаңа астанасын орналастыруға оңтайлы қаланы анықтау мақсатымен республиканың бүкіл аумағы мұқият зерттеліп, талдау қорытындылары барлық нұсқалардың ішінен ең қолайлысы Ақмола қаласы екендігін көрсетті. 1995 жылы 15 қыркүйекте ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының астанасы туралы» заңдық құшы бар Жарлығы жарияланады. 1997 жылы 20 қазанда Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның жаңа астанасы Ақмола қаласы болғанын ресми түрде жариялады. 1998 жылы 6 мамырда Президент Жарлығымен Ақмола қаласының аты Астана болып өзгертілді. Қаланың халықаралық таныстырылуы 1998 жылы 10 маусымда өтті. 2019 жылы 20 наурызда Астана қаласының атауы ресми түрде «Нұр-Сұлтан» деп өзгертілді.

Қазақ – қасиетті даласынан табан аудармаған көне дәуірдегі сақтардың, ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы.

**Серік ТҰРЫМТАЕВ,**  
**№30 орта мектептің**  
**мұғалімі**

# ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕРМЕН КЕЗДЕСКЕН СӘТ

«Ұлағат» білім беру ордасының мектеп бітіруші түлектері бір күнін қаладағы №6 өрт сөндіру бөлімінде өткізді. Болашақта құтқарушы болуды мақсат еткен жасөспірімдер өрт сөндірушілердің қауіп-қатерге толы жұмысы туралы мол ақпарат алды.



Қызыл жалынның ортасынан талай жанның өмірін құтқарған бүгінгі күннің батырларымен емен-жарқын тілдесіп, өрт қауіпсіздігін сақтау қағидаларын ұғынды. Экскурсия барысында білім алушылар бөлім жауынгерлерінің арнайы киімі мен жабдығын көріп, су шашатын техникалардың мүмкіндігімен танысты.

– Мемлекет басшысы өзінің Үндеуінде қазіргі жастарды елін қорғауға, отан-сүйіспеншілікке тәрбиелеуге баса мән беруді айтты. Міне, бүгін біздің бөлімге келген оқушылардың бойынан осы қасиеттерді көріп, маркайып қалдық. Құтқарушы

болуды армандаған жастардың өрт сөндірушілердің жұмысына деген қызығушылығы жоғары екенін байқадық. Айбынды құрылымның жауынгері болуды көздеген мектеп түлектеріне ҚР Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты Көкшетау техникалық институтына оқуға түсуге кеңес берді. Құтқарушы болу ер азамат үшін абыройлы міндет. Болашақта жүрегенде түгі бар жастар ізімізді басып, елге қызмет етеді деген сенімдеміз. Жалпы алдағы уақытта да ниет білдірген мектеп оқушылары үшін №6 өрт сөндіру бөлімінің есігі ардайым ашық, – деді өрт сөндіруші, азаматтық қорғау кісі сержанты Әзиз Мәкенев.

«Ақмешіт-ақпарат»

## ХАЛЫҚ ҮНІ

# ЕЛДЕН СҰРАҚ, ӘКІМНЕН ЖАУАП

**Кешегі «қаңтар қасіреті» оқиғасы кезінде Қызылордада ереуіл мен бүлікке қатысқан жастардың өмірі Тасбөет кентінің жастары деген ақпарат бар. Ендеше кенттегі жастардың мәселесі оның ішінде жұмыссыз жастардың жасай-күйі қанилақтығы бақылауда?**

1

Кенттегі жұмыссыз, NEET санатына жататын жастармен жұмыс жасау, оларды қоғамдық жұмыстарға, көпшілік мәдени шараларға тарту бағытында жұмыстар жүргізілуде.

2021 жылы жұмыссыздық деңгейін жою мақсатында 264 адам қоғамдық негізде, жастар тәжірибесі арқылы әлеуметтік және тұрақты жұмыс орындарына еңбекпен қамтылса, солардың басым бөлігі жастардың үлесінде.

Жұмыссыздар санын азайтуда тұрғындарды мемлекеттік бағдарламаларға қатыстыру шаралары да жүзеге асырылуда. Мысалы, 2021 жылдың өзінде кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы бағытындағы бағдарламаларға 100-ден аса тұрғын жобаларын ұсынып, оның ішінде жастардың жобалары қолдау тауып, 1 млрд 200 мың теңге көлемінде қаржы иеленді. Нәтижесінде бірқатар кәсіпкерлер жаңа кәсіп ашып, енді біреулері бұрыннан бар кәсіптерін кеңейтіп, көптеген адамды жұмыспен қамтуда.

**Тасбөеттегі орталығындағы үйлерде күй жоқ. Көне үйлер әбден ескірген, сырт көрінісі нашар. Қашан ежаңа үйлер салынады?**

2

Әрбір жеке тұрғын үйдің ішкі мәселесіне араласу (табиғи апаттар мен өзге де төтенше жағдайларды санамағанда) жергілікті әкімшілік құзырына жатпайтыны белгілі. Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңына сәйкес көпқабатты тұрғын үйлердегі әрбір пәтер иелері өзінің меншігіндегі пәтерді күтіп ұстауға, сонымен қатар, сол үйдегі басқа да пәтер иелерімен бірлесіп ортақ мүлік саналатын көпқабатты үйдің подъезіне және ондағы басқа да ортақ дүниелерді (жертелесін, айналасын, шатырын) күтіп пайдалануға, ақаулар орын алған немесе тозығы жеткен жағдайда ортақ қаражат біріктіріп, жөндеуге, қалпына келтіруге бірдей атсалысуға міндетті. Бұл жұмыстар үшін жергілікті бюджет есебінен қаржы қаралмайтынын тұрғындар түсінгені дұрыс.

Егер көпқабатты үйдің қандай да бір бөлігіне зақым келіп, оны қалпына келтіру немесе жөндеуді қажет еткен жағдайда үй тұрғындары ортақ бір келісімге келіп, сол үйге жауапты меншік иелері бірлестігімен (МИБ) бірлесіп отырып, үйді модернизациядан өткізу немесе «апатты» деп тану үшін экспертизадан өткізу бойынша тиісті жұмыстар жүргізу қажет.

**Жанкин көшесінің аяқ жағында, Әбенов пен Сейтпенбетов көшелерінің ортасында үлкен ишүңқыр бар. Жұрттың барлығы сол жерге қоқыс төгеді. Шүңқырды қомуге тұрғындардың шамасы келмейді. Шамамен 100-200 қамыз топырақ керек. Осы ишүңқырды бітеуге болатын шығар? Мүмкін сіз бұл жерді білмейтін де шығарсыз, әкім мырза?**

3

Айтылған тұстағы жерлер жеке азаматтарға жер учаскесі ретінде табысталған. Сондықтан әрбір жер иесі өзінің иелігіндегі жер телімдерінің қоршауына, тазалығына, күтіп ұсталуына өзі жауапты болуы қажет. Кент аумағына қоқыс тастап жүрген, лас су төгіп жүргендерге келетін болсақ, осындай заңсыз әрекеттерге қарсы әкімшілік және полиция өкілдері тарапынан күн сайын рейд жұмыстары жүргізілуде. Жыл басынан бері 10-нан астам қоқыс тасыған жүк көліктері мен ассенизатор иелеріне хаттама толтырылып, айыппұлдар салынды.

**Тасбөетке үлкен, заманауи емхана керек. Екіншіден, Тасбөеттің өзінде 4-5 мектеп бар. Ал мектепке баратын жолдарда жаяу жүргіншілер жолы жоқ. Балалар жолдың шеті баппақ болған сон тас жолмен жүреді. Оқушыларды көлік қағып кете ме деп қорқамыз. Негізгі көшелерден басқа көшелерге жаяу жүргіншілер жолы қашан салынады? Үшіншіден, Тасбөеттің қаладағы ең үлкен кент екенін бірі біледі. Ойын алаңдарын тек орталыққа салмай, шет жақтарға да салу керек. Әр кварталға болмаса да екі-үш кварталға бір ойын алаңы қажет. Кемінде 5-6 ойын алаңы салынса дейміз.**

4

Кентке жаңа емхана керектігі көптен бері көтеріліп жүрген мәселе. Осыған орай кент аумағынан 350 келушіге арналған типтік жобалағы емхана құрылысын салу үшін 1 гектар қажетті жер телімі анықталып отыр. Осы ретте, 2021 жылы облыстық денсаулық сақтау басқармасына заманауи үлгідегі жаңа емхана салу бойынша ұсыныс берілді. Бүгінде тиісті құжаттар әзірленіп, бюджеттен қаржы сұралатын болады.

2021 жылы кенттегі әлеуметтік нысандар (мектеп, балабақша) орналасқан 6 көше бойына жаяу жүргінші жолдарын салу жұмыстарының жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, құны 74,1 млн теңге болатын жобаны жүзеге асыруға қала бюджетіне өтінім тапсырылды. Тасбөет кентінің даму жоспарына сәйкес, 2022 жылы жалпы құны 29,6 млн теңге болатын 3 көшеге жаяу жүргінші жолдарын салу жоспарланып отыр. Осы жоба қолдау тауып, қаржысы бөлінген жағдайда тиісті жұмыстар жүргізілетін болады.

**Жасөспірімдерді дайындайтын 5-ші облыстық спорт мектебінің жайын айтайын. Бір залда күрес, дзюдоға қатысатын 100-ге жуық бала жүреді. Ішінде ауа жоқ, балаларға обал. Спорт мектебін ұлғайту жоспарда бар ма?**

5

Айтылған спорт мектебіне жөндеу жүргізу жұмыстары биылға қаралмаған. Алайда мектеп оқушыларына қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстарды жүргізуге қаржы бөлу жөнінде облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасына ұсыныс берілді.

Бұған қоса, кентте жалпы құны 559,9 млн теңге болатын жаңа заманауи үлгідегі денешынықтыру және сауықтыру кешені құрылысын салу жоспарланып жатқаны белгілі. Жобаның бастапқы жұмыстарына 2022 жылға облыстық бюджеттен 10,3 млн теңге болды. Қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу конкурсы жүргізілуде. Сондай-ақ кент аумағынан 4 спорт клубы ашылып, 500-ге тарта бала мен жасөспірім спорттың 10 түрімен тегін шұғылданады.

**Жангелдин көшесінің аяқ жағына қашан электр бағаналары орнатылады? Тұрғындар жарық бағаналарын өздері орнатқан. Жел тұрса үзіліп кете ме деп қорқамыз.**

6

Қала бюджеті есебінен 8,3 млн теңгеге кенттің жаңадан қалыптасқан немесе ішінара қалып қойған көше бөліктеріне электр желілерін тарту жұмыстарының ЖСК әзірленіп, құны 278 млн теңге болатын жобаны жүзеге асыруға облыстық бюджетке өтінім берілді.

**Абай көшесіне жарық орнатса екен? Одан бөлек, барлығы қоқысты осы көшеге төгеді. Оны кім бақылайды?**

7

Негізінен кенттегі А.Күнбаев көшесінің басынан бастап Т.Жүнісов көшесіне дейінгі аралығын қамтитын бөліктің барлығы көше жарығымен қамтылған. Ал Жүнісов көшесінен әрі қарай баратын жолды жарықтандыру мәселесі алдағы жоспарларға енгізілуде.

**Мен Тасбөет кентінің тұрғынымын. Үш балам бар. Уақытша тұратын баспана сұраймын.**

8

Тұрғындардың баспана мәселесін шешу Тасбөет кенті әкімшілігінің құзырына жатпайды. Сондықтан бұл жөнінде қалалық тұрғын үй инспекциясы бөліміне жолығуға кеңес береміз.

**P.S.** Өз ауылыңыздың әкіміне қояр сауалыңыз болса «Ақмешіт апталығы» газеті редакциясына хабарласыңыз. **Телефон: 8 (7242) 40 11 10. E-mail: akmeshit.kz@mail.ru**

Басы 1-бетте







# Кел, балалар, оқылық...

## МАЗАҚТАМА ӨЛЕҢДЕР

Қадыр Мырза-Әлі

### ЕРКЕ

Сарнап тұрып ертесін,  
Сұрайтын қант, бөлкесін  
Сен бір жаман еркесің!  
Өкпенің де желкесін,  
Көкпенің де желкесін  
Жауыр қылған еркесің!



### СОТҚАР

Сотқар, сотқар, сотқарсың!  
Кішілерге шокпарсың,  
Үлкендерге көкпарсың!  
Сотқар болсаң, сотқар бол,  
Бір таяқ жеп тоқтарсың!

### ЖАЙБАСАР

Өй, жәйбасар, жәйбасар!  
Жәйбасарды май басар.  
Жеткенше үйге жәйбасар,  
Жұрт орынға жәйғасар.  
Әй, жәйбасар, жәйбасар,  
Жәйбасарды май басар!

### МАҚТАНШАҚ

Әй, мақтаншақ, мақтаншақ!  
Оянғаннан жатқанша,  
Жатқаннан таң атқанша  
Мақтанасың, мақтаншақ.  
Қояр ма еді құлыптап,  
Аузыңды бір жапқан шақ!

### МАУБАС

Маубас, маубас, маубасың!  
Мұлғыннен танбасың.  
Құлғынға қанбасың...  
Өміріңді осылай  
Ұйықтап өтсең оңбасың!



## ҚАЛАЙ КІТАП ОҚИМЫЗ?

Адамзат баласы әрқашан ілгерілеумен, алға қарай жылжумен ерекше. Әр күннен сабақ алып, жаңа дүниелерді үйрену арқылы адам өзін үздіксіз дамытып отырады. Осы даму жолында ең құнды дүние – кітап оқу. Кітап – адамның ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, өмірге деген көзқарасты, жаңаны танып білуге үйретеді. Адамзат осы бір құнды дүниеден қол үзіп бара жатқаны жасырын емес.

Бүгінгі қоғамда көпшілік кітап, газет-журналдан гөрі сымсыз құралдан ақпаратты тез оқығанды қош көреді. Алайда мұның біреуі де кітаптың орнын баса алмайды. «Кітаптың бір парағындағы пайдалы ақпаратты алу үшін смартфонды бір сағат ақтару керек» деген жалған сөз дүкеннен сатып алуға, тіпті сол смартфонның өзін алып оқуға болады. Міне, осы мүмкіндікті қалай пайдалану керек? Бүгін осы сұрақтың жауабын іздеп көрейік.

Расымен, кітап оқуға деген құлшынысыңызды ашу оңайға түспейді. Кейде кітаптың мағынасын түсініп отырсаңыз да тілде жазылған ақпаратты қабылдай алмайды. Одан бөлек кітап оның мағынасын түсіну үшін кітап оқуды жақсы көру керек. Ал кітап оқуға деген құлшынысыңызды ояту үшін арнайы тәсілдерді қолдансаңыз болады.

Ең алдымен кітаптардың тізімін дайындаңыз. Ол үшін желідегі тізімдерді пайдаланып, ішіне өз кітаптарыңызды енгізіңіз. Егер бұған дейін кітапты көп оқымаған болсаңыз алдымен шағын шығармалардан бастаған дұрыс.

Кейін кітап оқудың арнайы уақытын белгілеу керек. Уақытты текке өткізудің қажеті жоқ. Әр бос минутыңызды кітаптың бір бетін оқып бітіруге оқуға арнаңыз. Одан бөлек әр кітапты оқып бітіруге уақытты белгілесеніз көбірек оқуға себеп болады. Сол үшін өзіңізге түрлі атаулы күндерді белгілеп алыңыз. Мысалы, 2022 жылда 22 кітап, 50 жаста 50 кітап деген секілді.

Көп адам электронды кітаптан гөрі оның қағаз түрін оқығанды жақсы көреді. Егер оны сатып алу мүмкіндігі болмаса кез келген кітапханаға барыңыз. Ал кітапты оқығанда арнайы күнделік жүргізеніз болады. Онда кітапты қай күні бастағаныңызды, ішіндегі мағыналы сөздерді, кейіпкерлердің атын түртіп отырыңыз. Кейін бұл кітапты қайта оқыған кезде кітап туралы ойыңыздың қалай өзгергенін білесіз. Сонымен қатар күнделікке автордың кандай ой айтқысы келгенін, кітаптың мазмұнын қысқаша жазу да тиімді. Бұл алдағы уақытта оқыған кітабыңызды тереңірек түсінуге, сол арқылы есте сақтауға септігін тигізеді.

Өз достарыңызды да кітап оқуға үгіттеңіз. Бұл үшін сіз өз оқыған кітабыңыздың мазмұны мен қызықты тұстарын, түсінігін бөліп алған әсеріңізді бөлісіңіз. Осылайша олардың да қызығы артып, алдағы уақытта бірігіп оқыған кітаптарыңызды талқылай аласыздар.

Кітап оқуды әдетке айналдырған соң арнайы бір тақырыптағы, салаға арналған кітаптарды оқып бастаңыз. Осы арқылы сіз белгілі бір қасиетіңізді дамытасыз.

## ӘҢГІМЕЛЕР

### ҚОС КҮН

Айбар балабақшада өзі салған суреттерді үйге ала келген. Ондағы ойы әжесіне көрсетпек. Көзін көлетейлей суретке қараған карт сәлден соң суретке қарап отырып:

- Құлыным, мынау жарқырап нұр шашқан күн бе? – деп сұрады. – Иә, ол күн, – деді Айбар.
- Ал мынау ше? – дейді әжесі.
- Бұл да күн, – деді Айбар.
- Екі күннің қатар тұрғаны қалай? – деп сұрады әжесі. – Өй, әже-ау, анау күн болмаса мына күн көрінбей қалады ғой. Соны да білмейсің бе, әже...

Әжесі күлімсіреп: – Әй, құлыным-ай! Күндерің көп болсын, сенің, – деді.

### АЛДАУҒА БОЛМАЙДЫ

Балабақшадан оралған Батыр, үйге қабағын түйіп, ренжіп келді де, сырт киімін шешіп, қонақ бөлмесінің бұрышына қалшып тұрды да қалды. Әншейінде атасының құшағына құлайтын, немересінің мына қылығына атасы таң қалды. Немересінің мұндай қылығын бұрын-соңды көрмеген ол: – Біреу ренжітті ме? – деп сұрады. Батыр сәл уақыт үнсіз қалды да: – Ата, маған ұрыспаныңызшы. Мен



бүгін Көкемен төбелесіп қалдым. Қият апай маған үйге барған соң бір сағат бұрышта тұрасың, – деді. Атасы немересінің тірлігіне мейірілене күліп, жерден көтеріп алып, мандайынан сүйіп, жанына отырғызды да:

- Мен Қият апана сен бұрышка тұрды деп айтамын, – деді атасы.
- Жоқ, – деді Батыр атасының құшағынан шығып. – Алайды алдауға болмайды.
- Ақыры Батыр апайының тапсырмасын мүлтіксіз орындап шықты...

### ҚАМҚОР АСЛАН

Асланның әжесі жұмыстан шаршап келіп, төсегіне жатса ұйықтап кетіпті. Сәлден соң көзін аша сала далаға жүгірді. Әлденеге абыржулы, қарсы алдынан ойынап жүрген Аслан кездесе кеткен. Соңайда байланған аты көрінбейді.

– Балам-ау, атқа жоламағаның жөн болған екен. Мінезі жаман, асау еді. Сені теуіп жібере ме деп қатты қорқып кеттім ғой, – дейді.

– Әке, өзіңізге бірден айтайын ба? Анама айтпайсыз ба? Әжесі басын изеп: – Айта ғой, балам...

– Мен ол атты көрші Әсет пен Айзере қарындасымды теуіп жібере ме деп босатып жібердім, – деді Аслан...

Шәкен КҮМІСБАЙҰЛЫ



## АСЫҒЫС ҮКІМ

Бір кісінің үйінің төменгі қабатында ааш өңдеуінің шеберханасы бар екен. Ол есік, терезе жасап күнелтеді. Бір күні жұмыс істеп жатқанда жарық өшеді. Ұзақ уақыт күтеді, жарық жанбайды. Қырыққанда, сол кеште тапсыруы керек бірнеше терезе бар еді. Біраз демалу үшін үйіне көтеріліп бара жатып сақпанқырыштық көзі түседі. Біреу сақпанқырышты өшіріп қойған екен.

Ажыратқышты (рубильник) қосқанда цехта жарық жанары. Бірақ мұның мәнісін түсіне алмайды. Жұмысқа қайта кірсеңдерің сол нәрсе тағы қайталанары. Бірақ бұл жолы кімді адамды көрді. Баласы үй мен цех арасындағы салмақ қиысыз, ақырын түсіп, сақпанқырышты өшіріп жатқанда әжесін қөл алдында көреді.

Әжесі он жасқа енді толған баласының мұндай ісіне қатты ашуланады. Оның кесірінен бір күні босқа кетті. Бір рет іспеген болса, бәлкім, үн қаптас еді. Баласын шапалақпен тартып жібереді. Бұл шапалағы оған сабақ болар деп ойлайды. Баласының көз жасына қарамастан үйіне келіп, әйеліне былай дейді:

– Мына баланың мектепте кімдермен араласатынын білуіміз керек! Егер бос жіберетін болсақ, басымызға бәле болуы мүмкін!

Кейін ең оңай жолын табады. Баласының жанынан тастамайтын күнделік ақпаратты. Баласы көрсеткісі келмегеніне қарамай, оны оқиды. Әжесі күнделіктің ең соңғы бетінде жазылған мына сөзді оқиды: «Бүгін түнде жаман түс көрдім... Цехта жұмыс істеп жатқан кезде әкеміз тоқ ұрған екен. Әкем қауіп-қатерден аман болса екен! Мен қолымнан келгенің бәрін істеймін!»

## ӨНЕРЛІ ӨРЕН

### КӨКТЕМ

Қар ерді, су да ақты жылғадан, Құстар келді, асемденді бұл ғалам. Байшешектер бұр жаруда қырда анау, Көктемменен жаңғырады жылдағы ән.


Жақсылығын аямады өткен жыл. Шырқалмап еді(і) бақтарда анау көптен жүр. Тіршілікке жан бітті енді, қарашы, Ұнары анық көпшілікке көктем бұл.

## МЕКТЕБІМ

Лімі берген, білім берген мектебім. Жөнге салған бұзақылау тентегім. Екінші үйі адамзаттың осы ошақ. Байланысты мектебіңмен ертеңім.

Табалдырық аттанғанбыз бала бот, Киім киіп жүретіңіз ала, көк. Ақыл қонып, білім жинап кетеміз, Мектептен бұл шығамыз біз дара бот.

Адина СЕРІК,  
№171 мектеп оқушысы



## YouTube: БІЗ БІЛМЕЙТІН ҚЫР-СЫРЫ

ҒАЛАМТОР

«Youtube» – алып платформа. Қаралымы жағынан әлемде екінші орын алатын бұл платформа күн жүйесіндегі бөлек планетамен парапар. Дегенмен оның танымал платформа екені ешкімге жаналық емес. Десе де біз осы мақалада видеоның ең көлемді қоймасы «Youtube» туралы сіз бен біз білмейтін ақпаратты жазуды жөн көрдік. Мақаладан сіз қанша адам «Youtube»-ты қолданатынын, оның бағасы мен ең бай ютуб-блоггерлер туралы біле аласыз.

«Youtube» 2005 жылы PayPal қызметкерлері Джавед Карим, Чед Херли мен Стив Ченнің бастауымен ашылды. Оған сол жылы 14 ақпанда «Youtube» атауы беріліп, 23 сәуірде алғашқы видео жүктелді. Ал 2016 жылы танымалдылығына байланысты «Google» компаниясы 1,65 млрд долларға сатып алды.

Шамамен күн сайын адамдар «Youtube»-та бес миллиард видео көрсе, айына 150 млрд видео көреді-мыс. Алайда бұл платформаның 2019 жылы жариялаған көрсеткіші. Қазіргі таңда бұл статистика едәуір өскені анық.



## СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Күн сәулесі жерге 8,5 минутта жетеді. Ай жерден 80 есе жеңіл. Толық күн тұтылуының ұзақтығы 7 минуттан аспайды. Ал толық ай тұтылуы 104 минутқа дейін жетеді. Күн жүйесіндегі ең кішкентай планета – плутон, ал ең үлкені – юпитер. Күн жүйесіндегі ең ыстық планета – шолпан. Жерден құралсыз көзбен көрінетін планета – уран. Тоқыладқ секундына 20 рет шоқып жей алады.



Бетті дайындаған: Аслан НҰРАЗҒАЛИИ